

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын күзетудегі ынтымақтастығы және өзара іс-қимыл туралы шартқа қол қою туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 959 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын күзетудегі ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы шартқа қол қою туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы**

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын күзетудегі ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы шартқа қол қою туралы

Қ а у л ы е т е м і н :

1. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын күзетудегі ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы шарттың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын күзетудегі ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы шарт жасалсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Жоба

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын күзетудегі ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы

ШАРТ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек беру туралы 1992 жылғы 25 мамырдағы Шартқа және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы сыртқы шекараны күзетудегі бірлескен күш-жігер туралы 1995 жылғы 30 маусымдағы Шартқа өз адалдықтарын растай отырып, халықаралық терроризмге және мемлекеттік шекарада құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесу мақсатында ынтымақтасу мен өзара іс-қимылды жетілдіру қажеттігін ескере отырып, Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасындағы құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде күш-жігерді біріктіру қажеттігін тани отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Шарттың мақсаты үшін Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы болып мемлекеттік шекара туралы Тараптар арасындағы тиісті халықаралық шарт күшіне енгенге дейін Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы мен Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы арасындағы әкімшілік-аумақтық шекара ұғынылады.

2-бап

Осы Шарттың ережелерін іске асыру үшін Тараптар уәкілетті органдарды: Қазақстан Республикасы тарапынан - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін; Ресей Федерациясы тарапынан - Ресей Федерациясының Федералдық шекара қызметін тағайындайды.

Уәкілетті органның ресми атауы өзгерген жағдайда Тараптар бұл туралы бір-біріне дипломатиялық арналар арқылы дереу хабарлайды.

3-бап

Тараптардың уәкілетті органдары өзара мүдделерін ескере отырып және өздерінің ұлттық заңнамаларының негізінде мынадай: өзара мүдделерін білдіретін ақпаратпен алмасу; терроризм мен экстремизмге, қарудың, оқ-дәрінің, жарылғыш және улы заттардың,

радиоактивті материалдардың контрабандасына қарсы күрес;

Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы арқылы заңсыз көші-қонға және есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қ а р с ы к ү р е с ;

Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасында құқыққа қарсы әрекеттің жолын кесу жөнінде келісілген шараларды жүзеге асыру;

Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын күзету мүддесі үшін жедел-іздістіру қ ы з м е т і ;

мемлекеттік шекараны күзету, шекаралық бақылау, мамандарды даярлауда, сондай-ақ мемлекеттік шекараны күзетуде қолданылатын техникалық құралдарды п а й д а л а н у д а т ә ж і р и б е а л м а с у ;

мемлекеттік шекараны күзету мәселелері бойынша нормативтік құқықтық кесімдермен, сондай-ақ ғылымы жарияланымдармен және өзге де ақпараттық м а т е р и а л д а р м е н а л м а с у ;

офицер кадрларын, сондай-ақ басқа да мамандарды даярлау бағыттары бойынша ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Тараптардың уәкілетті органдары сондай-ақ өзара мүддені білдіретін басқа да бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады.

4-бап

Тараптардың уәкілетті органдары 3-бапта көзделген ынтымақтастықты мынадай: осы Шартты орындау мүддесі үшін келісілген іс-шаралар мен бағдарламаларды ж ү з е г е а с ы р у ;

ынтымақтастықтың бағыттары бойынша өзара іс-қимыл мен тәжірибе алмасу;

Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы арқылы, сондай-ақ ол арқылы өткізу пункттерінде құқыққа қарсы іс-қимылды анықтау нысандарында ынтымақтастықты жүзеге асырады.

5-бап

Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасында туындайтын мәселелерді жедел реттеу үшін Тараптардың уәкілетті органдары шекаралық өкілдерді тағайындайды және о л а р д ы ң ж ұ м ы с ы н ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

Шекаралық өкілдер қызметінің тәртібі жеке келісіммен анықталады.

6-бап

Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын күзету бойынша қызметті қамтамасыз ету мақсатында Тараптар жедел-іздістіру қызметінің мәселелері бойынша

ынтымақтастықты

ұйымдастырады.

Жедел-іздістіру қызметінде ынтымақтастық және өзара іс-қимыл тәртібін Тараптардың уәкілетті органдары жеке келісіммен анықтайды.

7-бап

Тараптардың уәкілетті органдары өздерінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат алмасуды ұйымдастырады.

Ақпарат алмасу тәртібін Тараптардың уәкілетті органдары жеке келісіммен анықтайды.

8-бап

Тараптардың уәкілетті органдарының Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі ынтымақтастығы және өзара іс-қимылы тәртібі жеке келісіммен анықталады.

9-бап

Осы Шарттың ережелерін орындау жөніндегі шараларды іске асыру үшін Тараптар уәкілетті органдарға Тараптардың заңнамасына сәйкес екі жақты келісіммен тиісті келісімді жасасуға құқық береді.

10-бап

Осы Шарт үшінші мемлекеттерге қарсы бағытталмаған және олар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

11-бап

Осы Шартты түсіндіруге және қолдануға қатысты келіспеушіліктер келіссөздер мен консультациялар жолымен шешіледі.

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шартқа оның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

12-бап

Осы Шарт Тараптардың оның күшіне енуі үшін мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Шарт белгісіз мерзімге жасалды және Тараптардың бірі дипломатиялық арналар бойынша екінші Тарапқа оның қолданылуын тоқтатуға өзінің ниеті туралы хабарлаған күннен басып алты ай өткенге дейін қолданылады.

200_ жылғы "___" _____ әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, бұл ретте екі мәтіннің де күші бірдей.

Осы Шарттың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасы
үшін

Ресей Федерациясы

үшін